

## **«Горводоканал» МКК-ның 2023 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы қызметі туралы есеп**

Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Горводоканал» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Кәсіпорын Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы шілдедегі қаулысына сәйкес құрылды.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері: тарату желілері арқылы су беру, сарқынды суларды бұру (Екібастұз қ.) және жылу энергиясымен жабдықтау (Солнечный к.) болып табылады.

Кәсіпорын Екібастұз қаласында тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді:

- жобалық қуаты тәулігіне 130 мың м<sup>3</sup> тәул. су тарту имараттары, жобалық қуаты тәулігіне 100 мың м<sup>3</sup> тәул. су құбырын тазарту имараттары, орталық жылу пункттері 29 бірлік, ұзындығы 535,4 км сумен жабдықтау желілері, ұзындығы 312,7 км су бұру желілері, 9 бірлік кәріздік сорғы станциялары, тәулігіне жобалық қуаты 58,2 мың м<sup>3</sup> тәул. кәріздік тазарту имараттары.

- Солнечный кентінде: жобалық қуаты тәулігіне 6 мың м<sup>3</sup> тәул. «Струя» су дайындау қондырғысы, кәріздік сорғы станциялары 2 бірлік, орталық жылу пункті 1 бірлік, сумен жабдықтау желілері 13,7 км., су бұру желілерінің ұзындығы 8,6 км., жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 15,4 км.

Жылу беру маусымына дайындық шеңберінде 2023 жылдың 1 - ші жартыжылдығында өндірістік іс – шаралар орындалды: су құбыры желілерін күрделі және ағымдағы жөндеу-4,0 км, күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін аумақтарды жайландыру және абағандыру-0,7 мың м<sup>2</sup>, құбырлардың жылу оқшаулауын қалпына келтіру –7,5 км., сорғыларды ағымдағы жөндеу, ысырмаларды тексеру, жөндеу және ауыстыру, су жылытқыштар мен жылу алмастырғыштарды тазалау, жуу және сығымдау-112бірл. 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға 122,6 млн.теңге (ҚҚС-сыз) бағытталды.

Кәсіпорын қызметінің Тұтынушылары: халық, шағын және орта бизнес кәсіпорындары, Екібастұз қаласының және Солнечный кентінің өнеркәсіптік кәсіпорындары болып табылады. 2023 жылдың 1-ші жартыжылдығында сумен жабдықтау қызметтерін тұтынушыларға 8,5 млн.м<sup>3</sup>, су бұру-3,3млн.м<sup>3</sup>, жылумен жабдықтау (Солнечный кенті) -0,02 млн. Гкал көлемінде көрсетті.

Кәсіпорынның 2023 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы табысы - 2 026 млн. теңге, шығындары-2 024млн. теңге. Қызмет нәтижелері бойынша -2 млн.теңге пайда алынды.

Кәсіпорынның өндірістік қызметі көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға, кәсіпорын жұмысының сенімділігі мен тиімділігін арттыруға, су ысырабын азайтуға және желілердегі апаттық жағдайларға жол бермеуге бағытталған. Кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, бірінші кезектегі міндеттерді жедел шешу үшін тәулік бойы диспетчерлік қызмет жұмыс істейді.

Қызметтерге тапсырыс берушілер алдындағы барлық міндеттемелер толық көлемде орындалады. Кәсіпорынның еңбекақы, зейнетақы аударымдары бойынша берешегі жоқ. Мемлекет алдындағы салық міндеттемелері уақтылы орындалады.

Бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, 1-ші жартыжылдықта сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы толық ақпарат «Горводоканал» МКК ресми сайтында <https://www.ekbwater.kz> орналастырылған.